# 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар:

1) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жыл сайын 10 қаңтарға және 10 шілдеге ақпарат беріп отырсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы жыл сайын 1 ақпанға және 1 тамызға жиынтық ақпарат беріліп тұруын қамтамасыз етсін.

4. "2004-2006 жылдарға арналған "Қазақстан ормандары" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 542 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 22, 278-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Бағдарламаның орындалуы жөніндегі бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 911 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысымен бекітілген

## 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасы

## Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. Кіріспе
3. Орман шаруашылығының және елді мекендерді көгалдандырудың қазіргі жай-күйін және осы бағыттардағы жұмыстарға жастарды тарту мүмкіндіктерін талдау
3.1. Орман шаруашылығының, елді мекендерді көгалдандырудың қазіргі жай-күйін талдау
3.2. Жастар ортасындағы қазіргі ахуалды талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі
5.1. Орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, елді мекендерді көгалдандырудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру
5.2. Қоршаған ортаны қорғау және биологиялық алуан түрлілікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелер
5.3. Ормандарды өрттерден және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтан күзету, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау
5.4. Ормандарды молықтыру және орман өсіру, елді мекендерді көгалдандыру
5.4.1. Ормандарды молықтыру және орман өсіру
5.4.2. Автомобиль және темір жолдардың бойында қорғаныштық орман екпелерін құру
5.4.3. Гидрографиялық желі, арналар мен су қоймалары бойында орман екпелерін құру
5.4.4. Елді мекендердің жасыл аймақтарын құру
5.4.5. Елді мекендерді көгалдандыру
5.4.6. Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру
5.5. Бағдарламаны іске асыруға жастардың қатысуы
5.6. Жеке орман қорын дамыту
5.7. Орман орналастыру және жобалау-іздестіру жұмыстары
5.8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар
5.9. Орман және бақ-парк шаруашылығы саласында кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыру
5.10. Бағдарламаны ғылыми және ақпараттық қамтамасыз ету
6. Қажетті ресурстар және Бағдарламаны қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

### 1. Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| Атауы | 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасы |
| Бағдарламаны әзірлеу үшін | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген |

| | |
|---|---|
| негіздеме | Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесінің 16.1.2.-тармағы |
| Бағдарламаның негізгі әзірлеушісі | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| Бағдарламаның мақсаты | Ормандардың ортаны қорғау және ортаны қалыптастыру рөлін арттыру мақсатында кейіннен орман шаруашылығын жүргізу тиімділігін арттыру, ағаш отырғызу көлемін ұлғайту үшін ормандарды күзету, қорғау және молықтыру, оларды ұтымды пайдалану және әлеуетін еселей түсу саласындағы ахуалды тұрақтандыру, елді мекендерді көгалдандыру мен олардың төңірегінде жасыл аймақтар құруға жастарды тарту арқылы осы процестерді іске асыру |
| Бағдарламаның міндеттері | Орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және елді мекендерді көгалдандыру, ормандарды өрттен, заңсыз ағаш кесуден және орман заңнамасын басқа да бұзушылықтан күзету, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау тиімділігін арттыру саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және қабылдау;<br>орман тұқымы және питомник шаруашылығын қалпына келтіру;<br>ормандарды молықтыру және орман өсіру жөнінде жаңа технологиялар әзірлеу және енгізу;<br>жаңа технологиялар негізінде орман орналастыру және жобалау-іздестіру жұмыстарының көлемін ұлғайту;<br>орман орналастыру жобаларының сапасын арттыру;<br>ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз ету;<br>ормандардың ұтымды пайдалануын ұйымдастыру;<br>жеке орман қорын дамыту үшін жағдайлар жасау;<br>орман және бақ-парк шаруашылығы саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру;<br>ормандарды молықтыру және орман өсіру, елді мекендерді көгалдандыру және көркейту |

жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жастарды, соның ішінде мектеп оқушылары мен студенттерді кеңінен тарту;
жастар бастамашылықтарын дамыту.

| | |
|---|---|
| Бағдарламаны іске асыру мерзімі | 2005-2007 жылдар |
| Бағдарламаны қаржыландыру көздері | Бағдарламаны іске асыруға мынадай қаржы шығындары көзделуде: республикалық бюджеттен: 2005 жылы - 4490,49 млн. теңге, 2006 жылы - 5157,35 млн. теңге және 2007 жылы - 9202,54 млн. теңге; жергілікті бюджеттен: 2005 жылы - 4193,88 млн. теңге, 2006 жылы - 3640,40 млн. теңге және 2007 жылы - 4698,27 млн. теңге; кәсіпорындардың жеке қаражаты: 2005 жылы - 36,4 млн. теңге, 2006 жылы - 52,10 млн. теңге және 2007 жылы - 56,7 млн, теңге; байланысты гранттар бойынша бөлінген қаражат: 2005 жылы - 70,96 млн. теңге. "Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін ұлғайту" жобасы бойынша 2006-2007 жылдарға арналған қаражат шығындарының көлемін жобаның экономикалық сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін Республикалық бюджет комиссиясы айқындайтын болады. Республикалық бюджеттен жоспарланып отырған 2005 жылдың қаражаты көлемі нақтылауды ескере отырып, "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келеді. 2006 және 2007 жылдарға арналған шығындар көлемі тиісті жылға арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланатын болады. |
| Бағдарламаны іске асырудан күтілетін | Ормандардың сақталуын қамтамасыз ету, орман көмкерген жер алқаптарын біртіндеп ұлғайту, |

нәтиже ормандарды өрттерден күзетуді, зиянкестер мен аурулардан қорғауды жақсарту, ормандардың жас құрылымын, сапалық құрамын және санитарлық жай-күйін жақсарту, елді мекендердегі жасыл желектердің алқаптарын ұлғайту, олардың төңірегінде жасыл аймақтар құру және кеңейту, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін 2-3%-ға төмендету, Бағдарламаны орындау жөніндегі іс-шараларға жыл сайын 16-20 мың дейін адамнан тұратын жастар еңбек отрядтарын тарту.
Ормандарды молықтырудың жалпы көлемі 3 жылда 85,92 мың га, соның ішінде 2005 жылы - 24,12 мың га, 2006 жылы - 28,26 мың га және 2007 жылы - 33,53 мың га болады.
Астана қаласының санитарлық-жасыл аймағын 15,0 мың га, жыл сайын 5 мың га алқапта құру.
Қалалар мен елді мекендерде жасыл екпелер отырғызу 3 жылда - 13,00 млн. дана болады.

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 911 қаулысымен
.

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесінің 16.1.2.-тармағына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасында белгіленгеніндей, ормандар алқаптарын ұлғайту, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы негізгі міндеттердің бірі ретінде алға қойылып отыр.

Осыған байланысты елді көгалдандырудың арнайы бағдарламасы әзірленді. Онда ағаш отырғызу жұмыстарын ұлғайту, елді мекендерді көгалдандыру және түптеп келгенде осы процестерге жастарды тарту арқылы республика аумағының орманды жерлерін кеңейту жөніндегі негізгі мақсаттар мен міндеттер айқындалған.

Бағдарламаны әзірлеудің көкейкестілігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму

жоспары айқындаған басым міндеттердің алға қойылуы негіз болды, онда қоршаған ортаны қорғау саласында таяудағы он жылға ормандарды сақтауға қатысты мынадай стратегиялық міндеттер айқындалған:

қолданыстағы заңнаманы жетілдіру;

табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру;

экологиялық ағартуды қамтамасыз ету;

сондай-ақ қоғамдық-саяси ахуалды тұрақтандыру саласындағы қазақстан қоғамын топтастыру сияқты міндеттер айқындалған.

## 3. Орман шаруашылығының, елді мекендерді көгалдандырудың қазіргі жай-күйін және осы бағыттардағы жұмыстарға жастарды тарту мүмкіндіктерін талдау

### 3.1. Орман шаруашылығының, елді мекендерді көгалдандырудың қазіргі жай-күйін талдау

Барлық ормандар климатты реттеу, орта құру, егістік пен топырақ қорғау, су қорғау және санитарлық-гигиеналық функцияларды орындайды.

Мемлекеттік орман қорының жалпы алқабы 26464,2 мың га. Орман өскен жерлер 12374,1 мың гектарды құрайды, олардың 896,7 мың гектары - жасанды жолмен құрылған орман екпелері. Қазақстан аумағының орманды жерлері 4,5% құрайды.

**Күшті жақтары**

Орман шаруашылығының негізгі институттары мен инфрақұрылымы сақталды.

Экономиканың орман секторы үшін негізгі заңнамалық кесім - Қазақстан Республикасының Орман кодексі қабылданды. Жаңа Орман кодексіне сәйкес нормативтік құқықтық база жетілдірілуде.

Орман экожүйелерін қоса алғанда, табиғи-қорық қорын сақтау мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жүйесі кеңейтілуде.

Орман шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Орман шаруашылығы үшін жоғары және арнаулы орта білімді кадрлар даярлау жүзеге асырылуда.

2004 жылдың ішінде орман шаруашылығын мемлекеттік басқару жүйесін реформалау аяқталды, ол атқарушы билік деңгейлері арасында функциялар мен жауапкершілікті дәлме-дәл шектеумен, ағаш дайындау және сүрек өңдеу функцияларын бәсекелес ортаға берумен, міндеті орман шаруашылығы іс-шараларының кешенін жүзеге асыру және мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттеу болып табылатын орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелерін құрумен тұжырымдалады.

Ормандарды өрттерден және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтан күзету, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман пайдалануды реттеу жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында оларды орындау жөніндегі функциялар облыстық атқарушы органдарға жүктелді. Аталған шараларды жүзеге асыру үшін олардың қарауына мүлік кешендері ретінде 124 орман мекемесі берілді. Облыстық атқарушы органдарда ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелер жұмыс істейді.

Республикалық деңгейде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті құрылды, ол орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган болып табылады және оның республиканың барлық облыстарында өзінің аумақтық органдары бар, сондай-ақ Комитеттің қарауында республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және орман шаруашылығына қызмет көрсету жөніндегі бірқатар ұйымдар бар.

Орман шаруашылығын басқарудың құрылған жаңа жүйесі орман шаруашылығын жүргізуге арналған шығындарды қаржыландырудың үш көзіне - республикалық және жергілікті бюджеттерге, сондай-ақ заңды тұлға мәртебесі бар орман мекемелері мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ақылы қызметтер көрсетуінен қалыптасатын солардың қаражатына ие болу мүмкіндігін береді.

Ормандарды сақтау мен молықтыруға бағытталған шараларды күшейту мақсатында соңғы кезде бірқатар үкімет шешімдері қабылданды. Мәселен, Ертіс өңірінің жалды ормандарында екі мемлекеттік орман табиғи резерваты құрылды, яғни бұл ормандарға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесі берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 460 қаулысымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі қылқан жапырақтылар мен сексеуіл екпелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге он жылдық мерзімге тыйым салынды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысымен мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтер бекітілді.

Соңғы екі жыл бойы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың инспекторлар құрамының саны нормативтік мөлшерге жеткізілді. Ормандарды авиациямен қарауылдау да белгіленген нормативтер шегінде жүргізілуде.

Соңғы жылдары мемлекеттік орман қоры аумағында ормандарды қалпына келтіру көлемі ұлғая түсуде. Мәселен, 2001 жылмен салыстырғанда ол 2 есе ұлғайып, 2004 жылы 20,7 мың га болды. Арал теңізінің қаңсып қалған табанының табиғи түрде

жап-жақсы қалпына келіп жатқаны байқалады.

Ормандарды қалпына келтірумен қатар республика бойынша республикадағы 121 питомникте орман тұқымдарын жинау мен көшет материалын өсіру ұлғайып келеді. Осы деректердің барлығы орманды қалпына келтіруді одан әрі ұлғайтуды болжауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес 1996 жылы Астана қаласының жасыл аймағын құру басталған болатын.

Жалпы алғанда, 1997 жылдан 2004 жылға дейінгі кезеңде 25 мың гектар алқапқа ағаш отырғызылды, оның 8,6 мың гектары коммуналдық меншікке берілді.

**Әлсіз жақтары**

Реформалау мен қайта ұйымдастырудың күрделі кезеңі аралығында республиканың орман шаруашылығында қажетті орман шаруашылығы шараларын орындаудың жоспарлылығы мен дәйектілігі бұзылды, бұл ормандардың жай-күйінің нашарлап кетуіне әкеп соқты.

Орман құрайтын негізгі тұқымдар екпелерінің жас топтары бойынша бөлінуіне жасалған талдау орташа жастағы екпелер - 3029,3 мың га (33%), өсіп-жетілген және толысып піскен екпелер - 2886,2 мың га (31%) бәрінен көп кездесетінін көрсетті. Пісіп келе жатқан екпелер 2014,1 мың гектарды (22%), ал жас екпелер - 1331,1 мың гектарды (14%) құрайды. Осылай бөліну тым қатал орман өсіру жағдайлары мен едәуір мөлшердегі антропогендік әсер себеп болған ормандардағы табиғи молығу барысының жеткілікті дәрежеде ойдағыдай болмай отырғанын, сондай-ақ ағаш отырғызу көлемінің жеткілікті емес екенін көрсетеді.

Өткен кезеңде қылқан жапырақты ағаштардың қарқынды пайдаланылуы, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Ақмола, Алматы және Қостанай облыстарында 1996-2002 жылдары болған ірі орман өрттері сүрек қорларының азайып кетуіне және ормандардың қорғаныштық және су қорғау қасиеттерінің едәуір жоғалуына, олардың санитарлық жай-күйінің күрт нашарлап кетуіне әкеп соқты.

Соңғы он жыл ішінде Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының Ертіс өңірінің қарағайлы ормандарының орман өскен жерлері 162,4 мың гектарға қысқарды, сүрек қоры 16,8 млн. текше метрге азайды.

Республиканың орман өскен жерлерінің іс жүзінде тең жартысын алып жатқан сексеуіл екпелерін молықтыру жөніндегі іс-шаралар соңғы он жылда болымсыз көлемде орындалды.

Сексеуіл ормандары өскен аймақта, радиусы 100 километрге дейінгі елді мекендердің төңірегінде піскен екпелер іс жүзінде жоқ десе де болады, ал бар жас және орта жастағы екпелер қатты бүлінген, бұл жергілікті халықтың отынға сүректі заңсыз дайындауының салдары болып табылады.

Өртке қарсы іс-шаралар, соның ішінде ормандарды күзету жөніндегі авиациялық жұмыстар көлемінің едәуір азайып кетуі орман өрттерінен болатын шығындарды сан

мәрте көбейтіп жіберді.

Астана төңірегінде табиғи шоқ ормандардың, сондай-ақ бұдан бұрын жасалған жасанды екпелердің қатаң орман өсіру жағдайларына байланысты ағаш-бұта тұқымдарының түр-түрі жұтаң, ол қуаңшылыққа шыдамды, тұзға төзімді және аязға шыдамды оннан аса қоймайтын түрді қамтиды.

Өткен жылдардың жасанды орман екпелері 896,7 мың гектар алқапқа орналасқан, автомобиль және темір жолдардың бойындағы қорғаныштық белдеулер 76,1 мың гектарды құрайды.

Осы орман екпелеріне күтімнің болмауы (күтіп-баптау мақсатында кесу мен санитарлық кесудің дер кезінде жүргізілмеуі, топыраққа күтім жасау жұмыстары көлемінің қысқаруы) едәуір алқапта орман дақылдарының құрып кетуіне әкеп соқты, ал сақталып қалғандарының тоз-тозы шыққан. Сол себепті олар халықтың дем алуына онша тартымды емес және өзінің рекреациялық мақсатына сәйкес келмейді.

Халықтың дем алуына жарамды ең жақын табиғи алқаптар астанадан 100-150 км қашықтықта орналасқан.

Орман мекемелерінің техникалық жарақтануы төмен деңгейде. Қажет 830 трактордың 154-і (18,5%), 285 жүк автомашинасының - 50-і (17,5%), 400 механикаландырылған агрегаттың - 33-і (8,2 %) және екі мыңнан астам тіркеме және аспалы құралдардың небәрі 120-ы (5,5%) ғана бар.

Саладағы қызметкерлер саны соңғы жылдары күрт қысқарып кетті, бұл қаржыландырудың азаюымен және жұмыстар көлемінің қысқаруымен байланысты болды. Еңбекақы деңгейінің төмен болуы кадрлардың көп тұрақтамаушылығын туғызуда. Заңды тұлға мәртебесі бар орман мекемелерінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың инженер-техник қызметкерлерінің 30% жуығының жоғары білімі жоқ. Техникалық орта білімі бар мамандар жетіспейді. Республикада қорықшы-орманшылар даярлайтын кәсіптік-техникалық оқу орындары жоқ.

Орман өсіруді жоспарлау жұмыстарын жүргізу кезінде ықшамдалған технологияларды қолдану олардың сапасына едәуір әсер етті. Орман өсіруді жоспарлаудың жыл сайынғы көлемдері де төмендеп кетті, соның салдарынан орман өсіруді жоспарлау жобаларының қолданылу мерзімдері орман мекемелерінің іс жүзінде тең жартысы үшін аяқталған.

Орманды аумақтарды өртке қарсы жасақтау, орман питомниктері мен екпелер құру жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстары да жеткілікті дәрежеде қаржыландырылмауына байланысты толық көлемінде орындалған жоқ.

Ағаш отырғызу жұмыстарын ұлғайту үшін көшет материалын өсіру көлемін едәуір көбейтуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің мамандары Ресейде, Канадада, Финляндияда, Польшада тамыр жүйесі жабық көшет материалын өсіру тәжірибесін зерделеді және оған талдау жасады. Польшаның мемлекеттік

ормандарында жерді микоризациялау саласында неғұрлым мол тәжірибе жинақталған және елеулі түрде ілгері басушылық байқалады. Польшада ормандар өсіру жұмысының өрт болып, құлазыған және бүлінген жерлерде, қалалардың қалпына келтірілген жерлерінде, сондай-ақ орман өспеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жүргізілуі себепті Қазақстан жағдайларына бұл тәжірибе жақын. Канада мен Ресейде орман өсіру көпшілік жағдайда бұдан бұрын орманнан шығып қалған орманды жерлерде жүзеге асырылады.

Сондықтан Астана қаласының және жалпы Қазақстанның жасыл аймағының жағдайлары үшін Польшаның мемлекеттік ормандарында қолданылатын тамыр жүйесі жабық көшет материалын өсіру технологиясы неғұрлым қолайлы технология болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанда жаңа технология қолдану жөнінде Үкіметке ұсыныс енгізу көзделіп отыр.

Орман өрттерін бастапқы кезеңінде дер кезінде байқаудың және сөндірудің неғұрлым тиімді әдісі авиациямен күзету болып табылады. Бұл жұмыстарды Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы ( Қазавиаорманқорғау) орындайды. Қазіргі кезде ормандарды авиациямен күзету жалға алынған техникамен жүзеге асырылуда.

Өткен жылы "Қазавиаорманқорғау" қызметтері орман өрттерінің 413 оқиғасын байқады, бұл қорғалатын аумақты өрттердің жалпы санының 68% құрайды.

Ресей, Канада және АҚШ секілді мемлекеттердің тәжірибесі орман өрттерін байқауда және жоюда меншікті авиациялық техниканы пайдалану неғұрлым тиімді болып табылатынын көрсетеді. Осыған байланысты Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің дербес жеңіл моторлы авиация паркін құру мәселесін қарау ұсынылады.

## 3.2. Жастар ортасындағы қазіргі ахуалды талдау

Қазақстанның тәуелсіз даму кезеңінде экономикалық және қоғамдық-саяси даму кезеңінде түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылып, соның арқасында Қазақстан экономика саласында да, саяси салада да елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Реформалар халықтың іс жүзінде барлық әлеуметтік топтарын, соның ішінде жастарды да қамтыды.

Бүгінгі таңда Қазақстан жастары қазақстан қоғамының перспективаларын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қазақстан қоғамының тыныс-тіршілігінің барлық саласының ірі көлемді реформаларына байланысты орын алып отырған жағдайлар жастардың даму ерекшелігін және оның қоғамдық құрылымдағы маңызын айқындап берді. Өз кезегінде, осының бәрі жас ұрпақтың сапалық өзге тұрпатының және тұтастай алғанда, жастардың әлеуметтік келбетінің қалыптасуынан көрініс табуда. Сонымен бірге қоғамдық-саяси және экономикалық

реформалардың факторлары жастардың қажеттіліктеріне, мүдделеріне, құндылық бағдарларына және әлеуметтік мінез-құлқына тікелей ықпал етуде.

Бүгінде осыдан он бес жыл бұрынғы кеңес жастарын және мемлекеттің тәуелсіздігі және демократиялық өзгерістер жағдайларында қалыптасқан қазіргі жас ұрпақты салыстыруға келмейтіні айдан анық. Егемен Қазақстанның сапалық жаңа экономикалық және саяси жүйесі жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, дүниетанымын, мәдениетін, саяси және құндылық бағдарларын түбегейлі түрде өзгертті.

Сонымен бірге сөзсіз жетістіктермен қатар әлеуметтік және саяси реформалардың, ең алдымен, қоғамдық құрылыстың және халық өмірінің үйреншікті қалпының күрт өзгеруінен туындаған жайсыз әсері де болды. Осындай жағдайларда мемлекеттің жастар саясаты саласында, басқа да салалардағы сияқты, бұрын осындай жоғары дәрежедегі көкейкесті сипаты болмаған жаңа проблемалар пайда болды.

Ең алдымен бұл жастардың жұмыспен қамтылу проблемасы. Мәселен, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2004 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша, Қазақстанда жастардың жалпы саны 409310 адамды құрайды. Сөйтіп, қазіргі қазақстан қоғамының құрылымында жас азаматтардың жас санаты 2004 жылы республика халқының 27,3% құрады. Соңғы екі жылда жастардың саны 150 мың адамға дерлік көбейді.

1-кесте

**Қазақстан жастары 2004 жылғы 1 қаңтардағы халық құрылымында**

| Жасы | 14-19 жас | 20-24 жас | 25-29 жас | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| Саны | 1 573 300 | 1 317 300 | 1 202 500 | 4 093 100 |
| Халықтың жалпы санындағы үлесі % | 10,5 | 8,8 | 8,0 | 27,3 |

Кестеден көрініп тұрғанындай, жас адамдар санының көбею үрдісі бар. Бұл ретте жастар санының көбеюіне ауыл жастары санының өсуі негіз болып отыр. Егер 2002 жылдың басында республика ауыл тұрғындарының жалпы санында жас адамдар 29,8 % , ал қала тұрғындары санының - 27,9 % құраса, үстіміздегі жылдың орта тұсында бұл көрсеткіш ауылда - 30,4 %, ал қалада - 28,2 % болды.

Жалпы алғанда республика бойынша экономикалық жағынан белсенді жастардың саны 2406775 адам, соның ішінде 15-24 жастағылар - 1292121 адам, 26-29 жастағылар - 1114654 адам. Солай бола тұра, экономикада небәрі 2112458 адам, соның ішінде 15-24 жастағы - 110301 адам, 25-29 жастағы - 1009157 адам жұмыс істейді.

Жастар негізінен экономиканың мынадай салаларында жұмыспен қамтылған: ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы - 887509 адам; сауда,

автомобильдер, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланылатын заттар жөндеу - 337295 адам; білім беру - 147560 адам; өнім өңдеу өнеркәсібі - 119236 адам; құрылыс - 106102 адам; көлік және байланыс - 105512 адам; мемлекеттік басқару - 92759 адам. Қалған салаларда жұмыс істейтін жастардың саны 70000 адамға жетпейді.

Жұмыссыз жастардың жалпы саны 294317 адамды немесе 12,2 %, соның ішінде 15-24 жастағы - 188820 адамды немесе 64,2%, 25-29 жастағы - 105497 адамды немесе 35,2% құрайды.

Сонымен бірге көкейкестілік дәрежесі бойынша социологиялық сұрау салу барысында бүгін таңда Қазақстан жастарын толғандырып отырған неғұрлым өзекті проблемалар анықталып, оларға талдау жасалды. Олардың ішінде: жалақының төмен деңгейі, жұмыссыздық қатері, тұрғын үй проблемасы, тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің жоғары тарифтері, медициналық қызмет көрсетудің нашар сапасы, азық-түлік өнімдері мен бірінші қажеттегі тауарлар бағасының өсуі бар.

Мәселен, жастардың 42 % үшін жеке проблемалардың ішіндегі ең маңыздысы жалақының, жәрдемақының төмен деңгейі болып табылады. Бірінші кезекте ол Қостанай (55,7%), Шығыс Қазақстан (46,1%), Маңғыстау (46 %), Жамбыл (45,9%), Алматы (45,7%) және Ақмола (45,5%) облыстарының жас тұрғындарын толғандырады. Статистика агенттігінің деректері бойынша, орташа айлық жалақының ең төмен деңгейі 2004 жылдың сәуіріне Алматы және Жамбыл облыстарында байқалды, ол 10000 теңгеден 15000 теңгеге дейін болды. Солай бола тұрып, Маңғыстау облысында оның деңгейі 30 000 теңге болды, алайда бұл аймақта азық-түлік өнімдері мен бірінші қажеттіліктегі тауарлардың бағасы едәуір жоғары.

Жеке сипаттағы екінші бір орын алып отырған проблема жұмысқа орналасу және жұмыссыздық қатері (31,5 %) болып табылады. Бұл көбінесе Жамбыл (41,4 %), Алматы (41,2 %), Павлодар (40,6 %), Солтүстік Қазақстан (38,9 %) облыстарының еңбекке қабілетті жас азаматтарына тән. Нақ осы аймақтарда соңғы жылы жұмыссыздықтың неғұрлым жоғары деңгейі байқалды. Атап айтқанда, бұл көрсеткіш Алматы облысында - 10,4 % болса, Жамбыл облысында - 14,2 % тең. Осы аймақтар жас тұрғындарының алаңдаушылығы міне осымен түсіндіріледі.

Маңыздылығы жөнінен үшінші проблема тұрғын үй проблемасы болып табылады - 30,5%. Бұл проблема ең алдымен мемлекетіміздің елордасы - Астана қаласының (77%), Павлодар (44,2 %), Қарағанды (37,1 %) облыстарының жас тұрғындарын алаңдатады, содан кейін Алматы қаласы тұр (36,1%). Бұдан әрі азаюы бойынша Ақмола (35,2%), Батыс Қазақстан (35,1%), Ақтөбе (28,7%), Атырау (26,6%) облыстары көрсетілген. Өткен жылмен салыстырғанда тұрғын үй проблемасының өзінің көкейкестілігі жөнінен бесінші орыннан үшінші орынға көтерілгенін атап өту керек.

Көкейкестілігі жөнінен төртінші проблема тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің жоғары тарифтері болып табылады (26,5%). Бұл бәрінен көп Маңғыстау (54,0 %), Астана қаласы (50,0%), Павлодар (36,5 %), Ақтөбе (33,0%), Қарағанды (31,2%), Батыс

Қазақстан (31,1%) облыстарының жас тұрғындарын алаңдатуда.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде "Жасыл ел" республикалық штабының жұмыс істеуі арқылы көгалдандыру және көркейту жөніндегі жұмыстарға 2005 жылдың өзінде-ақ жастардың еңбек отрядтарының 16 мың мүшесі тартылады. 2006 жылы - 18 мың, 2007 жылы - 20 мың. Осы еңбек жасақтары қызметінің негізгі мақсаты ағаш отырғызу және екпелерді күтіп-баптау жұмыстарына тарту есебінен жаз кезінде мектеп оқушылары мен студенттерді, сондай-ақ жұмыссыз жастарды бүкіл жыл бойы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету болып табылады.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты ормандардың ортаны қорғау және ортаны қалыптастыру рөлін арттыру, ағаш отырғызылған жерлердің көлемін ұлғайту, елді мекендерді көгалдандыру және олардың төңірегінде осы процестерге жастарды тарту арқылы жасыл аймақтар құру мақсатында кейіннен орман шаруашылығын жүргізу тиімділігін арттыру, ағаш отырғызылған жерлердің көлемін ұлғайту үшін ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және оларды ұтымды пайдалану және әлеуетін еселей түсу саласындағы ахуалды тұрақтандыру болып табылады.

Мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай негізгі міндеттерді шешу қажет:

орман шаруашылығы саласында нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу және қабылдау;

ормандарды өрттерден және орман тәртібін бұзушылықтан күзету тиімділігін арттыру, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау;

орман тұқымы және питомник шаруашылығын қалпына келтіру;

ормандарды молықтыру және орман өсіру жөнінде жаңа технологиялар әзірлеу және енгізу;

жаңа технологиялар негізінде орман орналастыруды жоспарлау және жобалау-іздестіру жұмыстарының көлемін ұлғайту;

орман орналастыру жобаларының сапасын арттыру;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз ету;

ормандардың ұтымды пайдаланылуын ұйымдастыру;

жеке орман қорын дамыту үшін жағдай жасау;

орман және бақ-парк шаруашылығы саласында кадрлардың біліктілігін арттыру;

ормандарды молықтыру және орман өсіру, елді мекендерді көгалдандыру және көркейту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жастарды, соның ішінде мектеп оқушылары мен студенттерді кеңінен тарту;

жастар бастамашылығын дамыту.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаны іске асыру орман шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды мемлекеттік басқаруды және орман шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді, ормандарды өрттер мен Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтан күзету, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау тиімділігін арттыруды, сондай-ақ ормандарды молықтыру мен орман өсіру жүйесі мен әдістерін және ормандарды ұтымды пайдалануды ұйымдастыруды жетілдіруді көздейді. Ормандарды молықтыру және орман өсіру орман орналастыру материалдары мен жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде, орман пайдалану - орман орналастыру материалдарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Сондай-ақ Бағдарлама қоршаған ортаны қорғау және биологиялық алуан түрлілікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауды көздейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік табиғи қорық қорын сақтау мен қалпына келтіру үшін негізгі база болып табылады және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін одан әрі дамыту Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттарының бірі болады.

Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру жайсыз табиғи факторларды жұмсартуға, қала аумағының экологиясын, микроклиматын жақсартуға және халықтың дем алуына кең көлемді аймақ құруға бағытталған.

Саланы орман шаруашылығы мамандарымен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету үшін Бағдарламада орман бақ-парк шаруашылығы кадрларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру көзделген.

### 5.1. Орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, елді мекендерді көгалдандырудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру

Қазақстан Республикасының Орман кодексін іске асыру мақсатында мемлекеттік орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі негізгі талаптарды айқындайтын барлық қажетті нормативтік құқықтық кесімдер бекітілді.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясының жобасы әзірленді, ол ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және басқару, бірегей және әдеттегі табиғи ландшафтарды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың генетикалық қорын қорғау, осы аумақтарды ғылыми, экологиялық-ағартушылық, рекреациялық, туристік және әлеуметтік-экономикалық мақсаттарда пайдалану саласындағы қатынастарды реттейді. Бұл заңды 2005 жылы

қабылдау жоспарланып отыр.

Республика аумағының орманды жерлерін ұлғайтуды ынталандыру мақсатында жеке орман қорын дамытуға бағытталған нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жоспарлануда. Атап айтқанда, орман өсіру кезінде салық жеңілдіктері мен преференциялар беру, тегін көшет материалымен және фермерлерді қажетті консультациялармен қамтамасыз ету мен т.б. көзделуде.

Елді мекендердегі жасыл желекті алқаптарды (скверлер, парктер, жол бойындағы екпелер және басқалар) ұлғайту үшін оларды құру жөніндегі техникалық және технологиялық нормалар мен стандарттар қайта қаралатын болады.

## 5.2. Қоршаған ортаны қорғау және биологиялық алуан түрлілікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелер

Ормандарды мен биологиялық алуан түрлілікті сақтау мақсатында бірқатар халықаралық жобалар іске асырылуда.

"Батыс Тянь-Шаньнің биологиялық алуан түрлілікті сақтау" туралы Жаһандық Экологиялық Қордың жобасы Оңтүстік Қазақстан облысында бірегей биологиялық қоғамдастықтарды күзетуді күшейтуді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейтуді көздейді.

Жоба экологиялық жүйе көзқарасын пайдаланып күзетілетін аумақтардың біріктірілген жүйесін құру арқылы биологиялық алуан түрлілікті сақтау саласындағы проблемаларды шешуге бағытталған. Қазақстан бөлігінде жобаның қолданылу аймағы учаскелеріне Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы және Батыс Тянь-Шаньнің басқа да күзетілетін аумақтары жатады.

Батыс Тянь-Шаньнің күзетілетін аумақтарының тікелей шегіндегі және одан тысқары жерлердегі құрып кету қаупі төнген (Қызыл кітапқа енгізілген) маңызды, бірегей түрлердің, қоғамдастықтардың және экологиялық жүйелердің жай-күйінің нашарлап кету көрсеткішін төмендету Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық және әлеуметтік дамуына осы жобаның қосатын үлесі болып табылады. Жоба 2006 жылғы маусымда аяқталады.

"Республика ормандарын сақтау және оның аумағының орманды алабын ұлғайту" атты толық көлемді жобаны әзірлеу үшін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі ( ХҚДБ) 410,6 мың АҚШ доллары мөлшерінде грант бөлді. 2005 жылы оның сараптамасы және мүдделі мемлекеттік органдарда келісу рәсімі жүргізіледі.

Толық көлемді жобаны іске асыру 2006 жылдан бастап 7 жылға есептелген. Жоба дүниежүзілік Банктің Қазақстан үшін 2004-2006 жылдарға арналған елдік бағдарламасына енгізілген.

Жобаны ХҚДБ қарызы, ҒЭҚ гранты қаражатының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымша қаржыландыруының есебінен қаржыландыру көзделуде.

Ұсынылып отырған жобаның мақсаты - орман алқаптарын және іргелес жайылымдық жерлерді қалпына келтіру мен оларды тиімді және орнықты басқаруды дамыту. Ертіс өңірінің жалды ормандары, Арал теңізінің қаңсып қалған табаны және Қызылорда облысындағы сексеуіл екпелері жобалық аумақ болып табылады.

## 5.3. Ормандарды өрттерден және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтан күзету, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау

Ормандарды өрттерден және орман заңнамасын бұзушылықтан қорғауды мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлері және ерекше қорғалатын табиғи орман аумақтарының мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

Жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының құрылуын ескере отырып, сондай-ақ ормандарды жерден күзетуді күшейту үшін мемлекеттік инспекторларының штаты ұлғайтылды.

Орман өрттерін бастапқы кезеңде байқау және оларды дер кезінде оқшаулау мақсатында ормандарды авиациямен күзету жүзеге асырылуда.

Ормандарды өрттерден және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылықтан күзету, оларды зиянкестер мен аурулардан қорға тиімділігін арттырудың негізі осы бағыттардағы іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын жердегі және авиациялық қызметтердің пәрменді жүйесін ұйымдастыру болып табылады.

Тиімділікті арттыру мыналардың есебінен қамтамасыз етілетін болады:

ормандарды жерден күзету қызметтерінің материалдық-техникалық базасын нормативтерге сәйкес осы заманғы өртке қарсы техникамен және жабдықтармен, күзет машиналарымен, байланыс құралдарымен, қызмет қаруымен және нысандық киіммен кезең-кезеңмен нығайту;

мемлекеттік орман қоры аумағындағы жабылып қалған өртке қарсы объектілерді ( бақылау пункттері, өрт сөндіретін су бөгендері) қалпына келтіру;

ормандарды өртке қарсы жарақтандыру, соның ішінде өртке қарсы жолақтар, жыртылған жер жиектерін тарту және оларға күтім жасау жөнінде шаралар өткізу, орман шаруашылығы және өртке қарсы мақсаттағы жолдарды жөндеу, сондай-ақ негізінен биологиялық әдістерді пайдаланып, ормандарды зиянкестер мен аурулардан қорғаудың белсенді тәсілдерін қолдану;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті жүйесінде жеңіл моторлы авиация паркін қалыптастыру;

ормандардағы өрт қауіптілігінің дәрежесіне байланысты авиациямен қарауылдаудың қажетті жиілігін қамтамасыз ету, өрт сөндіруші-десантшылар санын көбейту;

биотехникалық шаралар жүргізу.

Материалдық-техникалық базаны нығайту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысымен бекітілген нормаларға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Орман мекемелері мен ерекше қорғалатын табиғи орманды аумақтардың өртке қарсы жұмыстарды және ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуі үшін өрт сөндіру машиналары, күзет машиналары, доңғалақты және шынжыр табанды тракторлар, өртке қарсы техника, тіркеме және аспалы құралдар сатып алынады.

2005-2007 жылдары кордондарға, өрт сөндіру-химиялық станцияларға және өрт қадағалау мұнараларына жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Облыстық атқарушы органдардың қарауындағы мемлекеттік орман қорының аумағында өртке қарсы жолақтар мен жыртылған жер жиектері тартылатын болады.

Темір, автомобиль жолдары, арналар, магистральды құбыр желілері өтетін және басқа да желілік құрылыстар тұрған жерлер жолақтарында орналасқан жалпы көлемі 76,1 мың га қорғаныштық екпелерде өртке қарсы алдын алу іс-шаралары жүзеге асырылатын болады. Жолдар бойындағы минералдандырылған жолақтарға күтім жасаудың жыл сайынғы көлемі 17,0 мың км болады.

Қорғаныштық екпелерді күзетуді, қорғауды және пайдалануды олар жерлерінде орналасқан меншік иелері мен жер пайдаланушылар жүзеге асырады.

Облыстық атқарушы органдардың қарауындағы мемлекеттік орман қорының аумағында 70 мың га, соның ішінде 2005 жылы - 23 мың га, 2006 жылы - 21 мың га және 2007 жылы - 26 мың га алқапта, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда 3,54 мың га, жыл сайын 1,18 мың га алқапта зиянкестермен күрестің жойқын шаралары жүргізілетін болады.

Ормандарды өрттерден күзету тиімділігін арттыру, оларды жедел байқау және сөндіру үшін авиациялық жұмыстар Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарында өрттерге неғұрлым ұрымтал ормандарда - 5639 мың гектарда жүзеге асырылады, бұл ретте авиациямен қарауылдау ұзақтығы өрт қаупі бар маусымда 6803 сағат болады.

Облыстық атқарушы органдардың қарауындағы орман мекемелері мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жыл сайын биотехникалық шаралар жүргізіп тұратын болады.

## 5.4. Ормандарды молықтыру және орман өсіру, елді мекендерді көгалдандыру

### 5.4.1. Ормандарды молықтыру және орман өсіру

Қазақстанның кең-байтақ аумағын ескере отырып (272,49 млн. $км^2$), мемлекеттің орманды жерлерін бір пайызға ғана ұлғайту үшін 2724,9 мың га алқапқа ағаш отырғызу және екпелер өсіру қажет. Салыстыру үшін - өткен алпыс жыл ішінде республика аумағында 1025,9 мың га жасанды екпелер алқабы құрылды.

Сондықтан ормандарды молықтыру мен орман өсіруге мол шығын жұмсалатынын назарға ала отырып (орташа есеппен 1 га 700 АҚШ долларына жуық), бірінші кезекте орман екпелері мына аумақтарда:

1) шөлейттену процесіне ұрымтал алқабы басым бұрын орман өскен жерлерде;

2) ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін қолайсыз жерлерді пайдалана отырып, елді мекендердің ішінде және оларға жақын маңда (жасыл аймақтар, әртүрлі нысаналы мақсаттағы өнеркәсіп плантациялары);

3) гидрографиялық желі, арналар мен су қоймалары бойында;

4) автомобиль және темір жолдар бойында;

5) жайсыз табиғи факторлардың әсерін азайту үшін ауыл шаруашылығы жерлерінде құрылуға тиіс.

Ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі іс-шараларды сапасы жақсартылған тұқымның және отырғызу материалының қажетті мөлшерімен қамтамасыз ету үшін селекциялық-генетикалық негізде тұрақты орман дақылдары тұқымы базасын құру, сондай-ақ питомник шаруашылығын дамыту, отырғызу материалын өсіру жөніндегі озық технологияларды енгізуге кірісу қажет.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда облыстық атқарушы органдардың қарауындағы орман мекемелерінде 65 га алқапта да орман питомниктерін қалпына келтіріп, олардың алқабын 2835 га жеткізу қажет.

Ормандарды молықтыру орман дақылдарын себу және отырғызу, сондай-ақ ормандарды табиғи жолмен қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылатын болады. Ормандарды табиғи жолмен қалпына келтіруге жәрдемдесу тұқымдардың өсіп-өнуіне жағдайлар жасау және ағаш кесілетін жерлерді қоршау мақсатында кеспе ағаштарды жоспарлау, жерді өңдеу кезінде шаруашылық жағынан бағалы тұқымдардың өркендері мен жас талдарын сақтау арқылы жүргізіледі.

Облыстық атқарушы органдардың қарауындағы ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің аумағында көшет материалын өсіруге арналған питомниктер алқабы 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

| Облыстардың атауы | Орман питомниктерінің алқабы, барлығы | | соның ішінде жұмыс істейтіні | |
|---|---|---|---|---|
| | Саны | Алқабы, га | Саны | Алқабы, га |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ақмола | 17 | 329,9 | 3 | 34,0 |
| Ақтөбе | 7 | 340,0 | 7 | 340,0 |
| Алматы | 17 | 538,7 | 12 | 303,5 |
| Атырау | 3 | 6,5 | 3 | 6,5 |
| Шығыс Қазақстан | 20 | 289,0 | 9 | 14,5 |
| Жамбыл | 4 | 50,0 | 2 | 17,5 |
| Батыс Қазақстан | 8 | 247,0 | 8 | 247,0 |
| Қарағанды | 4 | 314,0 | 1 | 40,0 |
| Қостанай | 4 | 10,4 | 4 | 10,4 |
| Қызылорда | 8 | 10,5 | 8 | 10,5 |
| Маңғыстау | 4 | 43,5 | 4 | 43,5 |
| Павлодар | 2 | 87 | 2 | 87 |
| Солтүстік Қазақстан | 14 | 244,0 | 12 | 95,0 |
| Оңтүстік Қазақстан | 11 | 113,0 | 11 | 113,0 |
| Барлығы: | 123 | 2623,5 | 86 | 1362,4 |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы, мекемелер мен ұйымдардағы питомниктердің алқабы 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

| Атауы | Орман питомниктерінің алқабы, га жылдар бойынша барлығы | | |
|---|---|---|---|
| | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| "Ертіс орманы" МОТР | 6,0 | 18,3 | 18,3 |
| "Семей орманы" МОТР | 15,5 | 19,5 | 20,5 |
| "Көкшетау" МҰТП | 0,0 | 1,9 | 2,5 |
| Шарын МҰТП | 1,1 | 1,1 | 1,1 |
| Іле Алатауы МҰТП | 1,6 | 3,7 | 5,0 |
| Қарқаралы МҰТП | 0,2 | 0,33 | 0,33 |
| Баянауыл МҰТП | 0,8 | 3,5 | 4,0 |
| Катон-Қарағай МҰТП | 3,8 | 5 | 7,5 |
| Сандықтау ОӨОШ | 0,5 | 1,0 | 1,1 |
| "Жасыл аймақ" РМК | 35,3 | 40,0 | 45,0 |
| | | | |

| Барлығы: | 64,80 | 94,33 | 104,83 |
|---|---|---|---|

Көшет материалының қажетті мөлшерін өсіру үшін орман тұқымдарын жинауды ұлғайту қажет болады.

Мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелерінде 2004 жылы 53410,6 кг орман тұқымдары, соның ішінде 2830 кг қылқан жапырақты ағаштардың және 50580,6 кг жапырақты ағаштардың тұқымы дайындалды. 2005 жылы орман тұқымдарын жинауды 60 мың кг, 2006 жылы - 70,0 мың кг, 2007 жылы - 75,0 мың кг жеткізу қажет.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман дақылдарын құру үшін 2004 жылы 7582,4 кг орман тұқымдары, соның ішінде 5545,2 кг қылқан жапырақты ағаштардың және 2037,2 кг жапырақты ағаштардың тұқымы дайындалды. Жыл сайын осыншама дайындалатын болады.

Орман дақылдарын отырғызу ең алдымен өртеңдер мен ағашы кесілген жерлерде жүзеге асырылатын болады. Осындай алаптардың басым бөлігі Ертіс өңірінің жалды ормандарында, Қазақтың шағын адырлы қарағайлы ормандарында, сексеуіл ормандары өскен аймақта орналасқан.

Облыстық атқарушы органдардың қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында Бағдарламамен 76,44 мың га алқапта ормандарды молықтыру, соның ішінде 55,85 мың га алқапта орман дақылдарын отырғызу жұмыстарын жүргізу көзделген. Облыстық атқарушы органдардың қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында ормандарды молықтыру көлемі облыстар бойынша 4-кестеде келтірілген.

Ескерту. 4-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 911 қаулысымен.

4-кесте

мың га

| Облыстардың атауы | Ормандарды молықтыру, барлығы | | | соның ішінде сеуіп және отырғызып | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Ақмола | 0,5 | 0,68 | 0,79 | 0,26 | 0,35 | 0,4 |
| Ақтөбе | 0,29 | 0,39 | 0,45 | 0,29 | 0,39 | 0,45 |
| Алматы | 2,4 | 3,0 | 3,3 | 1,5 | 1,70 | 1,8 |
| Атырау | 0,4 | 0,25 | 0,7 | 0,22 | 0,07 | 0,5 |
| Шығыс Қазақстан | 0,97 | 0,97 | 1,15 | 0,22 | 0,22 | 0,4 |
| Жамбыл | 5,2 | 6,71 | 9,3 | 5,2 | 6,71 | 7,3 |
| Батыс Қазақстан | 0,1 | 0,12 | 0,13 | 0,1 | 0,12 | 0,13 |
| Қарағанды | 0,05 | 0,07 | 0,1 | 0,05 | 0,07 | 0,1 |
| Қостанай | 0,92 | 0,92 | 0,92 | 0,65 | 0,65 | 0,65 |
| Қызылорда | 3,51 | 3,71 | 3,51 | 3,51 | 3,71 | 3,51 |
| Маңғыстау | - | 0,36 | - | - | 0,30 | - |
| Павлодар | 0,053 | 0,022 | 0,057 | 0,053 | 0,02 | 0,057 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Солтүстік Қазақстан | 0,6 | 0,60 | 0,6 | 0,2 | 0,20 | 0,2 |
| Оңтүстік Қазақстан | 7,04 | 7,55 | 8,05 | 4,04 | 4,55 | 5,05 |
| Барлығы: | 22,033 | 25,352 | 29,057 | 16,293 | 19,06 | 20,547 |

Ертіс өңірінің жалды ормандарындағы өртеңдер мен ағашы кесілген жерлерде ормандарды қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды "Семей орманы" және "Ертіс орманы" мемлекеттік табиғи орман резерваттары жүргізетін болады.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер мен мемлекеттік орман табиғи резерваттарының аумағында ормандарды молықтыру көлемі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ескерту. 5-кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 911 қаулысымен.

| Атауы | Ормандарды молықтыру, барлығы, га | | | соның ішінде сеуіп және отырғызып, га | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Баянауыл МҰТП | 30,0 | 40,0 | 50,0 | 30,0 | 40,0 | 50,0 |
| Іле Алатауы МҰТП | 25,0 | 60,0 | 80,0 | 25,0 | 60,0 | 80,0 |
| Қатон-Қарағай МҰТП | 50,0 | 50,0 | 100,0 | 50,0 | 50,0 | 100,0 |
| Қарқаралы МҰТП | 50,0 | 110,0 | 120,0 | 10,0 | 20,0 | 20,0 |
| "Көкшетау" МҰТП | 70,0 | 345,0 | 360,0 | 70,0 | 70,0 | 80,0 |
| "Семей орманы" МОТР | 850,0 | 1200,0 | 1500,0 | 850,0 | 1200,0 | 1500,0 |
| "Ертіс орманы" МОТР | 1000,0 | 1076,0 | 2228,0 | 1000,0 | 1076,0 | 2228,0 |
| Сандықтау ОӨОШ | 15,0 | 30,0 | 45,0 | 15,0 | 15,0 | 25,0 |
| Барлығы: | 2090,0 | 2911,0 | 4483,0 | 2050,0 | 2531,0 | 4083,0 |

Ормандарды молықтыру проблемасын шешу ормандарды молықтырудың табиғи және жасанды тәсілдерінің ғылыми тұрғыда негізделген ара-қатынасын белгілеуден туындауға тиіс. Осы мақсаттарда 2005 жылы басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді өткізу кезінде неғұрлым қатаң орман өсіру талаптарын белгілеу бөлігінде оның жаңа ережесі бекітілді.

Ағаш отырғызу жұмыстарын қажетті көшет материалымен қамтамасыз ету үшін:

селекциялық-генетикалық негізде орман тұқым шаруашылығы мен питомник шаруашылығын дамыту;

тұқым жинау, өңдеу, сақтау, сертификаттау және филиалдарын негізгі орман өсетін аудандарда орналастырып, сапасы жақсартылған көшет материалын өсіру жөнінде республикалық мамандандырылған орман тұқымы кешенін құру;

жергілікті орман питомниктерінің желісін дамыту;

көшет материалын, соның ішінде тамыр жүйесі жабық көшет материалын өсірудің

жаңа интенсивті технологияларын енгізу қажет.

Көгалдандыру жұмыстарын көшет материалымен қамтамасыз ету бағыттарының бірі жеке орман питомниктерін құру болып табылады.

Селекциялық орман орталықтары орман дақылы өндірісін селекциялық негізге көшіру және негізгі орман құрайтын және интродукцияланған тұқымдардың тұрақты орман тұқымы базасын құру жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Орталықтардың ең жақын перспективаға негізгі міндеттері:

олардың аумақтарындағы селекциялық-тұқым шаруашылығы объектілерін күзету және күтіп ұстау;

мұрагерлік қасиеттері жақсартылған орман дақылдарын алу үшін селекциялық-бағалы көшет материалын өсіру;

жаңа селекциялық-тұқым шаруашылығы объектілерін құру болып табылады.

Алға қойылған міндеттерді орындау үшін селекциялық-тұқым және селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер құру, сондай-ақ Шренк шыршасының , қарағайдың, қайыңның, сексеуілдің, алма ағашының, балқарағайдың, майқарағайдың және басқа тұқымдардың уақытша орман тұқымы учаскелерінің негізін қалау мен олардың генетикалық резерваттарын бөлу жоспарлануда, олардың көлемі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Ескерту. 6-кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 911 қаулысымен.

| р/с N | Объектілердің атауы | Жоспар-ланған көлем-дер, га | соның ішінде жылдар бойынша, га | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Уақытша орман тұқымы учаскелерінің негізін қалау | 7041 | 2799 | 3172 | 1070 |
| 2 | Тұрақты орман тұқымы учаскелерінің негізін қалау | 1532 | 615 | 664 | 253 |
| 3 | Тұрақты орман тұқымы плантацияларының негізін қалау | 42 | 10 | 26 | 6 |
| 4 | Артықшылығы бар екпелер іріктеу | 937 | 510 | 324 | 103 |
| 5 | Артықшылығы бар ағаштар іріктеу, дана | 424 | 199 | 175 | 50 |
| 6 | Генетикалық резерваттар бөлу | 21100 | 11150 | 4950 | 5000 |
| 7 | Аналық плантациялар құру | 23 | | 3 | 0 |
| 8 | Бұрын бөлінген учаскелерде ТОТУ қалыптастыру | 436 | | | 436 |
| 9 | Питомниктер отырғызу | 2 | | | 2 |
| 10 | Сапасы жақсартылған көшет материалын өсіру, мың дана | 100 | | | 100 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Қазіргі ТОТБ күзету және күтіп ұстау | 28 | | | 28 |

## 5.4.2. Автомобиль және темір жолдардың бойында қорғаныштық орман екпелерін құру

Автомобиль және темір жолдар, арналар, магистральды құбыр желілері, басқа да желілік құрылыстар бойында қорғаныштық екпелер құру:

көлік магистральдарын қар көшкіндерінен, шаң-тозаңнан, құмнан қорғауға, оларды әдемілеп безендіруге, сондай-ақ автокөліктен шығатын газдың таралуына тосқауыл болатын және оны жұтатын жасыл желекті қорған ретінде пайдалануға;

жүргізушілер мен жолаушылардың қысқа мерзімді демалуына жағдайлар (орындар) жасауға бағытталған.

Көлік және басқа да желілік құрылыстар бойында қорғаныштық екпелер құру және оларға күтім жасау қарауында немесе басқаруында темір жолдар, автомобиль жолдары және басқа да желілік айрылыстар бар ұйымдардың қаражаты есебінен олардың мамандандырылған бөлімшелері жүзеге асырады.

Орман екпелеріне күтім жасауды, оларды құруды және қалпына келтіруді қамтитын автомобиль жолдарын көгалдандыру жұмыстарын қаржыландыруды автомобиль жолы саласына бөлінетін қаражат шегінде республикалық бюджет қаражатының есебінен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитеті жүргізеді.

Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің және "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ ведомстволық бағынысындағы ұйымдарда бар питомниктер алқабы 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте

| Атауы | Орман питомниктерінің алқабы, барлығы, га | | |
|---|---|---|---|
| | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Көктал кентінің питомнигі | 1,5 | 1,5 | 1,5 |
| Астана ст. Астана ЖПК | 16,30 | 16,30 | 16,30 |
| Қарағанды ст. Қарағанды ЖПК | 68,0 | 68,0 | 68,0 |
| К-Бурабай ст. К-Бурабай ЖПК | 40,79 | 40,79 | 40,79 |
| Үштөбе ст. Алматы ЖПК | 59,0 | 59,0 | 59,0 |
| Шу ст. Алматы ЖПК | 38,30 | 38,30 | 38,30 |
| Черноводск ст. Жамбыл ЖПК | 3,0 | 3,0 | 3,0 |
| Ақтөбе ст. Ақтөбе ЖПК | 50,9 | 50,9 | 50,9 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Шалқар ст. Ақтөбе ЖПК | 22,0 | 22,0 | 22,0 |
| рзд-3 ст. Атырау ЖПК | 77,0 | 77,0 | 77,0 |
| Барлығы: | 376,79 | 376,79 | 376,79 |

Ескерту: Көктал кентінің питомнигі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің "Қазавтожол" РМК-сына қарайды, қалған питомниктер "Қазақстан темір жолы" жүйесіне енеді.

Екпелер құру және оларға күтім жасау жөніндегі жыл сайынғы жұмыстардың көлемі көлік және басқа да желілік құрылыстар салу мен пайдаланудың жобаларында және жоспарларында көзделеді.

Автомобиль жолдарының бойындағы қорғаныштық орман екпелері көлік магистральдарын қар мен құм көшкіндерінен, топырақ эрозиясынан қорғауға, оларды әдемілеп безендіруге, сондай-ақ автокөліктен шығатын газды жұтатын жасыл желекті тосқауыл ретінде пайдалануға арналған.

Қазіргі сәтте үш облыста "Алматы-Астана" автомобиль жолының бойында қорғаныштық белдеулер құруға жобалау-сметалық құжаттама бар:

- Алматы облысы бойынша жалпы ұзындығы 189 км 98-120, 120-287 км учаскелері;
- Қарағанды облысы бойынша жалпы ұзындығы 116 км 1002-993, 1027+500-1141, 1023-1026 км учаскелері;
- Ақмола облысы бойынша жалпы ұзындығы 96,5 км 1278-1353 учаскесі, сондай-ақ 0-21,5 "Астана қаласын айналып өту" учаскесі.

"Қазавтожол" РМК құрылымында Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарында 4 орман отырғызу учаскесі (ООУ) бар. Әрбір ООУ-да 3-тен " Беларусь" тракторы, жер жыртатын соқалар мен бензин аралар бар.

Көктал кентінің орман питомнигінде көшет материалынан 9 мың қалемше, соның ішінде 5 мың - қайың, 1,6 мың шетен және 2,4 мың жабайы алма бар. Сонымен бірге " Қазавтожол" РМК қажет болуына қарай көшет материалын конкурстық негізде сатып алады.

9 орман питомнигінде темір жол саласының мұқтажы үшін жыл сайын көшет материалының шығымы ағаштар мен бұталардың 1137,1 мың данасын құрайды.

Автомобиль жолдарының бойындағы қорғаныштық орман екпелерінің алқабы 9331 га-ны құрайды.

Темір жолдар бойындағы қорғаныштық орман екпелерінің алқабы 62265 га-ны құрайды.

Таяудағы үш жылда темір жолдардың бойында мынадай көлемде қорғаныштық орман екпелерін отырғызу жоспарланған:

2005 жылы - 153,6 га;
2006 жылы - 220,05 га;
2007 жылы - 239,3 га.

### 5.4.3. Гидрографиялық желі, арналар мен су қоймалары бойында орман екпелерін құру

Су шаруашылығы объектілерін пайдаланудың толып жатқан мысалдары олардың аймақтарында бірқатар жайсыз құбылыстардың орын алатынына айғақ болады. Су жиналатын алқаптағы эрозиялық процестердің салдарынан су қоймаларына, арналарға және өзендерге қатты заттардың көп мөлшері келіп құйылады, шаңды дауылдар пиротехникалық құрылыстарды бүлдіреді және оларға ұсақ топырақ пен шөп-шалаң әкеледі. Ашық су көздерінде судың көп мөлшері буланып кетеді, солай бола тұра арналар бойында, су қоймаларына төңірегінде сүзгіден өту есебінен жер асты суының көтерілуі байқалады, ал ол іргелес жердің батпақтанып, екінші қайтара сортаңдануын туғызады. Қазіргі кезде Қазақстан су қоймаларының, арналары мен шағын өзендерінің үлкен бөлігінің қорғаныштық екпелері жоқ десе де болады. Қорғаныштық екпелер мен табиғи ағаш-бұта өсімдіктері су қорғау мақсатындағы жерлер алқабының небәрі 0,46 % құрайды.

Өзендер, жылғалар, көлдер, арналар, коллекторлар, су қоймалары және басқа да су айдындары Қазақстан аумағында 614,3 мың га жерді алып жатыр, олардың төңірегінде бөлінген су қорғау аймағы 195,1 мың га жерді құрайды. Ғылыми ұсыныстарға сәйкес гидрографиялық қор жерінің 8,5% орманды болған жағдайда су көздерін жеткілікті дәрежеде қорғау қамтамасыз етіледі. Демек, Қазақстан Республикасы өзендерінің, арналары мен су қоймаларының су қорғау аумақтарында қорғаныштық екпелер құру көлемі шамамен 16,5 мың га болуға тиіс. 2005-2007 жылдары гидрографиялық желі бойында 2,87 мың га қорғаныштық екпелер отырғызылатын болады (8-кесте).

Ірі су қоймалары және олармен байланысты каналдар төңірегінде қорғаныштық екпелер құру мен, күтіп ұстауды су шаруашылығы объектілерін пайдалануға берілетін мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырған жөн. Ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлер арқылы өтетін суару құқығы тиесілі меншік иелері немесе жер пайдаланушылар, ал шағын өзендер бойында - орман дақылдарын отырғызумен бір мезгілде орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері жүргізуге тиіс.

Гидрографиялық желі, каналдар мен су қоймалары төңірегіндегі қорғаныштық екпелер көлемінің құны жергілікті бюджеттер қаражатынан 2005 жылы 3,3 млн. теңгені, 2006 жылы - 16,30 млн. теңгені және 2007 жылы - 6,62 млн. теңгені құрайды.

Ескерту. 8-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 911 қаулысымен.

8-кесте

га

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| Р/с N | Облыстардың атауы | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Ақмола | - | 2,5 | 5,0 |
| 2 | Ақтөбе | - | - | 30,0 |
| 3 | Алматы | 20,0 | 30,8 | 40,0 |
| 4 | Атырау | - | - | - |
| 5 | Шығыс Қазақстан | - | - | 500,0 |
| 6 | Жамбыл | - | 20,0 | - |
| 7 | Батыс Қазақстан | - | 150,0 | - |
| 8 | Қарағанды | - | - | - |
| 9 | Қызылорда | - | - | 8,0 |
| 10 | Қостанай | 537,0 | - | 537,0 |
| 11 | Маңғыстау | - | - | - |
| 12 | Павлодар | - | - | |
| 13 | Солтүстік Қазақстан | - | 5,0 | 10,0 |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан | 41,0 | 60,0 | 83,0 |
| | Барлығы: | 598,0 | 268,3 | 1213,0 |

## 5.4.4. Елді мекендердің жасыл аймақтарын құру

Жасыл аймақтар - қорғаныштық және санитарлық-гигиеналық функциялар орындайтын және халықтың демалыс орны болып табылатын ормандар мен орман саябақтары орналасқан қала шегінен тыс аумақ.

Ауаны оттегімен байытумен, табиғат келбетін әдемілеп безендірумен қатар дұрыс өсірілген екпелер аумақтардың желдетілуіне, тұрғын үйлер мен өндірістік аймақтардан лас ауаны алып кетуге көмектеседі, тік ауа қабаттарының пайда болуына және ластанған ауаның атмосфераның неғұрлым жоғары қабаттарында сейіліп кетуіне жәрдемдеседі, сондай-ақ ауаны әртүрлі аэрозольдардан, шаң-тозаңнан, күйеден, майда күлден оларды жұтып қою арқылы тазартады.

Қазіргі Қазақстанның халық қоныстанған жерлерінің жүйесі 86 қаланы, 181 кент пен 7681 ауылды (селоны) қамтиды. Қазақстанда қала халқының саны 8,48 млн. адам.

17.5.3.01-78 "Қалалардың жасыл аймақтарының құрамы және мөлшері" мемлекеттік стандартының нормаларына сәйкес халықтың санын және аумақтың ормандылығын ескере отырып, жасыл аймақтардың жалпы көлемі 248,6 мың гектарды құрауға тиіс.

Қазіргі кезде мемлекеттік орман қоры аумағында 155,7 мың га жасыл аймақтар және 45,3 мың га қала ормандары мен орман саябақтары бөлінген.

Қазіргі және облыстар, қалалар бойынша құру ұсынылатын жасыл аймақтар 9-кестеде көрсетілген.

Ескерту. 9-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 911 қаулысымен.

9-кесте

| Р/с N | Облыстардың, қалалардың атауы | Қазіргі жасыл аймақтар, га | Құру ұсынылатын жасыл аймақтар, га | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Ақмола | 2641 | - | 52 | 200 |
| 2 | Ақтөбе | 600 | - | 91 | 85 |
| 3 | Алматы | 35860 | 109,4 | 106 | 144,5 |
| 4 | Атырау | 340 | 50 | - | 100 |
| 5 | Шығыс Қазақстан | 39046 | 12,0 | 51,4 | 29,8 |
| 6 | Жамбыл | 274 | 217 | 264 | 172 |
| 7 | Батыс Қазақстан | 6792 | 150 | - | 150 |
| 8 | Қарағанды | 11883 | 50 | 50 | 100 |
| 9 | Қызылорда | 4130 | 100 | 321 | 300 |
| 10 | Қостанай | 8942 | 100 | - | 300 |
| 11 | Маңғыстау | 126 | 50 | - | 100 |
| 12 | Павлодар | 3820 | 50 | - | 100 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан | 1465 | 50 | 100 | 100 |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан | 19870 | 100 | 100 | 300 |
| 15 | Астана қаласы | 19900 | 5100 | 5000 | 5000 |
| 16 | Алматы қаласы | - | 200 | - | 500 |
| | Барлығы: | 155689 | 6338,4 | 6135,4 | 7681,3 |

## 5.4.5. Елді мекендерді көгалдандыру

Жасыл желек құрылысы жөніндегі жұмыстарды дамыту:

қалаларды және басқа да елді мекендерде жасыл аймақтардың белгіленген нормаларына сәйкес оларды құру және қайта жаңарту жобаларының негізінде жалпы жұрт пайдаланатын екпелер құруды;

өте әдемі және орнықты ағаш тұқымдары мен бұталар қалемшелерінің қажетті мөлшерін өсіру үшін мемлекеттік және жеке орман питомниктерінің желісін дамытуды;

олардың аса шығымдылығын, өсіп-өнуі мен дамуын қамтамасыз ететін тамыр жүйесі жабық қалемшелерді жыл бойы отырғызу технологияларын қолдануды көздейді .

Жасыл желек құрылысы жоспарларын іске асыру облыстық, қалалық және аудандық атқарушы органдардың басқаруымен "Жасыл ел" республикалық штабымен бірлесіп жүзеге асырылатын болады.

Қалалар мен елді мекендердің аумағында көгалдандыру жұмыстарын қалемшелер

және тамырланған шыбықтар, сондай-ақ ірі көлемді көшет материалын отырғызу тәсілімен жастар күшімен жүргізіледі, оларды питомниктері бар орман қорғау мекемелері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сондай-ақ облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында бар "Зеленстрой" КМК беріп тұратын болады.

Барлық облыс орталықтары мен Алматы қаласында "Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің саябақтары" құрылады.

Сондай-ақ Астана қаласында ботаникалық бақ отырғызылады.

Астана және Алматы қалаларын көгалдандыруға жастардың қатысуымен " Зеленстрой" КМК және басқа да кәсіпорындар тартылатын болады.

"Зеленстрой" КМК питомниктерінің алқабы 10-кестеде көрсетілген.

10-кесте

| Қалалардың атауы | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| г. Астана | 349,5 | 349,5 | 349,5 |
| г. Алматы | 91,30 | 91,30 | 91,30 |
| Барлығы: | 440,80 | 440,80 | 440,80 |

Қолда бар көшет материалына сәйкес елді мекендерде үш жыл ішінде 13,00 млн. дана мөлшерде жасыл екпелер отырғызылатын болады.

11-кесте

мың дана

| Р/с N | Облыстардың, қалалардың атауы | 2005 ж. | 2006 ж. | 2007 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Ақмола | 200,0 | 250,0 | 300,0 |
| 2 | Ақтөбе | 31,8 | 38,0 | 38,0 |
| 3 | Алматы | 372,7 | 424,9 | 463,87 |
| 4 | Атырау | 40,0 | 47,0 | 60,0 |
| 5 | Шығыс Қазақстан | 291,8 | 295,1 | 321,2 |
| 6 | Жамбыл | 900,0 | 1000,0 | 1100,0 |
| 7 | Батыс Қазақстан | 140,0 | 150,0 | 160,0 |
| 8 | Қарағанды | 2,8 | 3,0 | 3,0 |
| 9 | Қызылорда | 312,0 | 319,0 | 310,0 |
| 10 | Қостанай | 20,0 | 20,0 | 20,0 |
| 11 | Маңғыстау | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12 | Павлодар | 74,2 | 79,5 | 89,6 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан | 187,03 | 187,83 | 188,34 |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан | 578,0 | 730,0 | 876,0 |
| 15 | Астана қаласы | 11,2 | 88,16 | 120,5 |
| 16 | Алматы қаласы | 720,4 | 720,4 | 720,4 |
| | Барлығы: | 3881,93 | 4352,89 | 4770,91 |

## 5.4.6. Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру

Астана қаласының төңірегінде санитарлық-қорғаныштық аймақ құру жөніндегі жұмыстар одан әрі өрістей түседі.

Мынадай іс-шаралар:

2005 жылдың соңына дейін қала шекарасында 14,1 мың га алқапта және қала шетіндегі аймақта 10,9 мың га алқапта орманға жарамды учаскелерде екпелер, соның ішінде 21,2 мың га алқапта жаңа орман отырғызу және 3,8 мың га алқапта өткен жылдардың ормандарын қайта жаңарту;

2006 жылы 25 мың га алқаптағы, соның ішінде қала шегіндегі 14,1 мың га және Астана қаласының қала шетіндегі аймағында 10,9 мың алқаптағы екпелерге агротехникалық күтім жасау;

ағаш және бұта тұқымдарының аязға шыдамды, тұзға төзімді және жылдам өсетін түрлері болатын отырғызу материалының түр-түрін өсіру;

жылдам өсетін ағаш тұқымдарын аудандастыру;

Астана қаласы шекарасында отырғызылған ағаштарды коммуналдық меншікке беру көзделуде, ол:

бірінші жолғы әдіспен орман дақылдарын отырғызған кезде - отырғызғаннан кейінгі үшінші жылы;

екінші жолғы әдіспен отырғызғаннан кейін үшінші жылы қылқан жапырақты ағаш тұқымдарын қосып екінші жолғы әдіспен орман дақылдарын отырғызған кезде жүзеге асырылады;

"Жасыл аймақ" РМК-ның материалдық-техникалық базасын арнайы орман шаруашылығы техникасымен және жабдықтарымен нығайту көзделуде.

2005-2007 жылдарға арналған жұмыстар көлемі, сондай-ақ жұмысшы кадрлары мен техникаға қажеттілік 12 және 13-кестелерде келтірілген.

Ескерту. 12-кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 911 қаулысымен.

12-кесте

| р/с N | Іс-шаралардың атауы | Өлшем бір-лігі | Жылдар | | | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2005 | 2006 | 2007 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Жобалау-іздестіру жұмыстары | мың.га | 15 | 15 | 15 | 45 |
| | | млн.тг | 50,2 | 62,4 | 64,7 | 177,3 |
| 2 | Жерді пайда-ланушылардың залалдарын өтеу | млн.тг | 115,9 | 50 | 70 | 235,9 |
| 3 | Жер учаскелерін бөлу | мың.га | 8 | 8 | 8 | 24 |
| 4 | Көшет мате-риалын өсіру және сатып алу | млн. дана | 10,2 | 10,5 | 11,0 | 31,7 |
| 5 | Жылдам өсетін ағаш тұқымда-рын аудандас-тыру | млн.тг | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1,5 |
| 6 | Жерді дайындау | мың.га | 5 | 5 | 5 | 15 |
| 7 | Орман екпелерін отырғызу, | мың.га | 5,1 | 5 | 5 | 15,1 |
| | оның ішінде қайта жаңарту | мың.га | 2,0 | 0,25 | 0,25 | 2,5 |
| 8 | Агротехникалық күтім, | мың.га | 25 | 30 | 35 | 90 |
| | соның ішінде Астана қаласының әкімдігі | мың.га | 8,6 | 11,1 | 12,9 | 32,6 |
| 9 | Орманды күтіп-баптау | мың.га | 7,7 | 7,7 | 7,7 | 23,1 |
| 10 | Орман екпе-лерін Астана қаласының теңгеріміне беру | мың.га | 2,5 | 1,8 | 0,7 | 5,0 |

## 13-кесте

| Техника мен жабдықтардың атауы | Өлшем бір-лігі | Жылдар | | | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2005 | 2006 | 2007 | |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Тракторлар мен аспалы құралдарға қажеттілік | дана | 72 | 80 | 88 | 240 |
| о.і. күш сыныптары бойынша | | | | | |
| 7 т | дана | 12 | 14 | 16 | 42 |
| 4 т | дана | 20 | 22 | 22 | 64 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 т | дана | 40 | 44 | 50 | 134 |

## 5.5. Бағдарламаны іске асыруға жастардың қатысуы

Республика аумағының орманды жерлерін және көгалдандыру жұмыстарын ұлғайту жөніндегі міндеттерді шешу ормандарды молықтыру, орман өсіру және көгалдандыру процесіне жаңа жұмыс орындарын беру, мектеп орманшылықтарын, мектептердің усадьба жанындағы учаскелерін құру, орман мен бақ айлықтарын ұйымдастыру, Парктер шерулерін және басқа да қоғамдық экологиялық акциялар өткізу жолымен еліміздің жастарын, қоғамдық ұйымдарын, орта мектептерінің оқушыларын, жоғары және орта оқу орындарының студенттерін тартуды көздейді.

Сонымен бірге:

әрбір оқушы жеке ағашын отырғызып, мектепті бітіргенге дейін оған күтім жасап, кейіннен ағашты қорғауға жаңа бірінші сынып оқушысына тапсырып кететін "Менің атаулы ағашым";

"Парктер шеруі";

"Жасыл бақ - таза қала";

Астана қаласында "Жас Астана" саябағы мен ғашықтар саябағын;

сондай-ақ орман мен бақ айлықтарын отырғызу сияқты табиғат қорғау акциялары таралуға тиіс.

Мектеп орманшылықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қолданылады және олардың қызметін ынталандыру мақсатында жыл сайын мектеп орманшылықтары арасында ұлттық конкурстар өткізіліп тұрады.

Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында өрттерден зардап шеккен жалды ормандарды қалпына келтіруге жастардың белсене қатысатынын атап өту қажет.

Көгалдандыру және көріктендіру жұмыстарын қамтамасыз ету үшін жаз кезінде арнайы көгалдандыру жасақтары (құрылыс жасақтары) тартылатын болады, соның ішінде 2005 жылы - 16 мың адам, 2006 жылы - 18 мың адам, 2007 жылы - 20 мың адам тартылады.

## 5.6. Жеке орман қорын дамыту

Жеке орман қорын дамыту республикада орманды жерлерді ұлғайту жолдарының бірі болып табылады. Жеке орман қорын құру көлемін айқындау мақсатында орман өсіру үшін жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген жерлерде жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қаражаты есебінен құрылған жасанды ормандар, агро-орман мелиоративтік екпелері, арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер көмкерген жерлерді есепке алу жоспарлануда.

Аудандар мен облыстарда жеке орман қорын құру үшін жер қоры жерлерінен немесе мемлекет меншігіндегі өзге санаттағы жерлерден жер учаскелерін бөлу

мүмкіндіктері айқындалатын болады.

Сонымен бірге жеке орман қорын дамытуды ынталандыру мақсатында жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке орман екпелерін құру үшін кредиттік және өзге де жеңілдіктер беру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады.

## 5.7. Орман орналастыру және жобалау-іздестіру жұмыстары

Орман қорының жай-күйі туралы ақпарат алу 10 жылдық тексеру кезеңімен орман орналастыру жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Аталған кезең орман шаруашылығын жоспарлау үшін оңтайлы кезең болып табылады.

Орман орналастыру жұмыстарын жүзеге асыру кезінде ормандарды түгендеудің қашықтық әдістері мен компьютерлік технологияларды қолдану бөлігінде оларды жүргізу технологиялары жетілдірілетін болады. Кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын ГИС-технологияларды енгізу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу аса дәлме-дәл және дала жағдайында жұмыс істеуге ыңғайлы жоспарлау-картографиялық материалын алуға мүмкіндік береді.

Орман өсіруге жарамды алаптарды және сүрек пен бұта тұқымдарының түр-түрін іріктеп алу, ормандарды қалпына келтіру және орман өсіру кезінде орман дақылдарының шығымдылығын арттыру және отқа төзімді орман екпелерін алу мәселелері, сондай-ақ мемлекеттік орман қорын өртке қарсы жарақтандыру жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде жүзеге асырылатын болады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ормандарын өртке қарсы жабдықтаудың жұмыс жобаларын, Алматы ОТО аймақтық селекциялық-тұқым шаруашылығы кешенін ұйымдастыру, Қызылорда облысында көрсетілген кешеннің орман питомнигінің ұйымдық-шаруашылық жоспары мен оны суландырудың жұмыс жобаларын жасау жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу, ормансыз жерлерге ағаш отырғызудың жұмыс жобасын әзірлеу және Іле Алатауы МҰТП жабайы жеміс екпелерін қалпына келтіру көзделуде, сондай-ақ 2006-2007 жылдары Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жалпы көлемі 371 га орман питомниктерінің ұйымдық шаруашылық жоспарлары мен оларды суландырудың жұмыс жобаларын әзірлеу жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр.

## 5.8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік табиғи-қорық қорын сақтау мен қалпына келтіру және оны ғылыми, экологиялық-ағарту, мәдени ағарту, оқу және өзге де мақсаттарда пайдалану үшін негізгі база болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы

N 1692 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын дамыту мен орналастырудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың желісін одан әрі дамыту көзделуде.

Осы мақсаттарда 2005-2007 жылдары республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды - Баянауыл және Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи парктерін, Ақсу-Жабағылы және Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорықтарын кеңейту жұмыстары жүргізілетін болады. Алматы облысында Жоңғар Алатауы және "Көлсай көлдері", Оңтүстік Қазақстан облысында Сайрам-Ұғам, Қарағанды облысында " Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи парктері құрылатын болады.

## 5.9. Орман және бақ-парк шаруашылығы саласында кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыру

Саланы орман және бақ-парк шаруашылығының жас мамандарымен қамтамасыз ету мақсатында оларды мамандықтар бойынша Қазақ мемлекеттік ұлттық аграрлық университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Бурабай экология және орман шаруашылығы колледжі, Риддер аграрлық-техникалық колледжі, Есіл ауылшаруашылық колледжі оқытады.

Студенттердің оқу-өндірістік практикадан өтуін "Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етеді.

Орман шаруашылығының басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін арттыру үшін жыл сайын оларды қайта даярлау қазіргі осы бағыттағы ғылыми және оқу орындарында мемлекеттік тапсырыстың негізінде жүзеге асырылады.

Жастарды орман саласына тарту мақсатында орман және бақ-парк шаруашылығы мамандықтарына мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқыту, сондай-ақ "Болашақ" бағдарламасы бойынша болашақ орманшыларды Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының және Түркияның оқу орындарында жыл сайын 6 адамнан оқыту қажет.

## 5.10. Бағдарламаны ғылыми және ақпараттық қамтамасыз ету

Белгіленген шараларды ойдағыдай іске асыру мынадай ғылыми-техникалық міндеттерді шешуді қамтиды:

Қазақстанның табиғи аймақтары бойынша ағаш және бұта тұқымдарының селекциясы мен интродукциясын дамыту;

түрлі топырақ үлгілерінде ормандарды молықтыру мен орман өсірудің тәсілдерін, әдістерін және технологияларын жетілдіру;

суармалы жерлерде немесе ағын суларды сүзу танаптарына және олар жиналатын жерлерге жақын маңда плантациялар ағын сулармен суарылатын плантацияларда

орман өсірудің ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу;

топырақтың құнарсыздануымен күрес және орман-аграрлық ландшафтар құру жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

орман ресурстарын ұтымды және тауыспай пайдалану нормаларын жасау;

табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен орман экожүйелерінің өзгеруіне болжам жасау;

орман қоры туралы статистикалық және картографиялық деректердің банкін құру;

көшет материалын өсіру және Қазақстанның табиғи жағдайларына жарамды әртүрлі нысаналы мақсаттағы орман екпелерін құру жөнінде дүниежүзілік практикада бар озық технологияларды бейімдеу.

Ғылыми әзірлемелерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ғылыми-өндірістік орман шаруашылығы орталығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ботаника институты мен ботаника бақтары жүзеге асыратын болады.

Мемлекеттік органдарды, үкіметтік емес ұйымдарды және халықты орман өсіру және көгалдандыру жөніндегі ақпараттық қамтамасыз ету:

сайттар ашу, арнайы газеттер мен журналдар, орман шаруашылығы бағытындағы басқа да баспа басылымдарын шығару;

дөңгелек үстелдер, тақырыптық бұқаралық іс-шаралар (жастар акциялары мен концерттер) өткізу, жазғы каникулдар кезіне студенттік құрылыс жасақтары үшін жұмыс жөніндегі қажеттілік пен оның көлемінің мониторингін тұрақты негізде жүргізу ;

көрмелер мен жәрмеңкелер, қоғамдық тыңдаулар өткізу, мемлекеттің орманды жерлерін ұлғайту және елді мекендерді көгалдандыру проблемаларын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария ету арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

## 6. Қажетті ресурстар және Бағдарламаны қаржыландыру көздері

Осы Бағдарламаны қаржымен қамтамасыз ету көздері республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, сондай-ақ гранттар бойынша берілетін қаражат болып табылады.

